Н. ББББ 8.3/8.1-2025-13-01

АҚ «Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В04105-Менеджмент

код және білім беру бағдарламасының атауы

Дәрежесі: *бакалавриат*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Директорлар кеңесімен бекітілген
«18» 05 2026 ж. хаттама № 4

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Тыңғымен кеңесімен ұсынылған
«27» 02 2026 ж. хаттама № 7

Астана, 2026

©«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Келісу парағы	4
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	5
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар	6
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)	6
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы	6
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері	8
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің қол жеткізілуінің өзара байланысы	12
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру	31
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру	33
10 Түлек моделі	35
11 Типтік оқу жоспары (ББББ-ға қосымша)	36
12 Сараптамалық қорытынды	40

Алғы сөз

«6В04105-Менеджмент» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген. Жоғары білімнің/жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген, сондай-ақ «Career Enbek» жүйесінің кәсіби стандарттары негізінде: 2024 жылғы 5 желтоқсандағы №449 «Ұйымның кадрлық ресурстарын жоспарлау және ұйымдастырушылық дамыту», 2024 жылғы 5 желтоқсандағы №449 «Еңбек қатынастарын басқару», сондай-ақ Қазақстан Республикасының салалық және өңірлік кәсіптер мен құзыреттер атластарының (2023–2025 жылдар) «Кәсіпорынды басқару тиімділігі жөніндегі менеджер», «Менеджер / интернет-маркетолог» бағыттары бойынша 2026 жылғы 17 сәуірдегі мәліметтері (https://enbek.kz/ru/atlases-professions/regions).

«6В04105-Менеджмент» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы «22» 01 Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданған, хаттама № 3

Төраға Аскарбеков Э.Б.

«6В04105-Менеджмент» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «17» 12 «Экономика және бизнес» факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 4
Төраға Мақыш М.К.

«6В04105-Менеджмент» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «15» 12 «Экономика және басқару» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 5
Кафедра меңгерушісі Абдильдинова Н.Е.

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы 6B04105 Менеджмент
(ББББ коды және атауы)

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Э. Аскарбеков	"22" 01 2026 ж.
ББББ басқармасының басшысы	МО	Б. Баядилова	"22" 01 2026 ж.
Астана қаласы әкімдігінің "Астана жастары" Жастар ресурстық орталығы КММ басшысы	МО	Ч. Тлеулин	"15" 12 2025 ж.
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Тұрақты даму және экологиялық реттеу Департаментінің экологиялық менеджмент Басқармасының Басшысы		Б. Абдильдинова	"15" 12 2025 ж.
Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық талдау орталығы» ШЖҚ РМК бас директоры	МО	А.Кожумов	"15" 12 2025 ж.
Қазақстан Республикасының Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қауымдастығы өзін-өзі реттейтін ұйымы" қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бірлестігі Президенті	МО	С.Абдикаримова	"15" 12 2025 ж.
«G.H.G» ЖШС директоры	МО	Н.Закиров	"15" 12 2025 ж.
Білім алушы МТ-232 тобы		Ә.Сағындық	"15" 12 2025 ж.

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В04 Бизнес, басқару және құқық
Дайындау бағыты	6В041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В044 Менеджмент және басқару
ББББ коды және атауы	6В04105-Менеджмент
ББББ бейіні	Жоғарғы экономикалық білім беру
ББББ мақсаты	Заманауи сын-қатерлерге жауап бере алатын, ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларды меңгерген, еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті менеджерлерді даярлау.
ББББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредит
ББББ оқу тілі	Қазақ, орыс
ББББ айрықша ерекшелігі	-
Серіктес ЖОО	-

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В04105-Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Саласы: әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат / Бизнес, басқару және құқық. Саласы: түлектер әр түрлі деңгейдегі орындаушылар немесе басшылар ретінде жұмыс істейтін кез-келген ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдар (коммерциялық, коммерциялық емес, мемлекеттік). Адам ресурстарын басқару департаменттері (HR), ұйымдық даму, жоспарлау және еңбек қатынастарын реттеу бөлімдері ерекше назар аударады.
Кәсіби қызмет түрлері	Ұйымдастырушылық-басқарушылық: бизнес-процестерді жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау. Аналитикалық: ұйымдық құрылымның тиімділігін бағалау, кадрлық әлеует пен еңбек нарығының аудиті. Жобалық-экономикалық: ұйымдастырушылық даму жоспарларын әзірлеу және персонал шығындарын бюджеттеу. Әлеуметтік-еңбек: ішкі коммуникацияларды реттеу, Жанжалдарды басқару және әлеуметтік әріптестікті қолдау.
Кәсіби қызмет нысаны	Ұйымдарды басқару процестері; Ұйымдастырушылық құрылымдар және басқару жүйелері; Ұйымның еңбек ресурстары және кадрлық әлеуеті; Әлеуметтік-еңбек қатынастары және корпоративтік мәдениет; Кадрлық процестерді құжаттамалық қамтамасыз ету.
Кәсіби қызмет міндеттері	Ұйымдастырушылық жобалау: ұйымдық құрылымдарды, регламенттер мен лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу және өзектендіру.

	Еңбек ресурстарын жоспарлау: персоналға қажеттілікті болжау, сандар мен еңбекақы қорын оңтайландыру. Еңбек қатынастарын реттеу: ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды ресімдеу; кадрлық іс жүргізуді жүргізу. Әлеуметтік әріптестікті дамыту: ұжымдық шарттарды әзірлеу, еңбек құқықтарының сақталуын ішкі бақылау және адалдық бағдарламаларын ұйымдастыру.

3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жалпы білім беру пәндері циклы (ЖБП)	**56**
Міндетті компонент	51
Жоғары оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БаП)	**85**
Жоғары оқу орны компоненті	40
Таңдау компоненті	45
Кәсіптік практика	
Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)	**91**
Жоғары оқу орны компоненті	15
Таңдау компоненті	59
Кәсіптік практика	17
Қорытынды аттестаттау	**8**
Барлығы	**240**

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың заманауи аспектілері»

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6В04105-Менеджмент»

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	$ОН_{ЖББҚ1}$	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады
	$ОН_{ЖББҚ2}$	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады

	ОНжббқз	Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді
	ОН2	Әлеуметтік-психологиялық факторларды және ұйымдық мінез-құлық заңдылықтарын талдау негізінде ұйымның корпоративтік мәдениетін модельдей алады.
	ОН3	Халықаралық бизнес-ортада шет тілін меңгеру және кросс-мәдени ортадағы кәсіби этика нормалары арқылы тиімді коммуникациялар орната алады.
	ОН9	Цифрлық тайм-менеджмент құралдары мен өкілеттілікті бөлу әдістері арқылы уақыт ресурстарын және персоналдың еңбек режимдерін пайдалануды оңтайландыра алады.
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОН1	Басқару жүйелерінің операциялық тиімділігін қамтамасыз ету үшін цифрлық платформалар мен өкілеттілікті бөлу қағидалары негізінде бейімделген ұйымдық құрылымдарды құрастыра алады.
	ОН6	Деректерді өңдеу үшін заманауи АКТ және жасанды интеллект алгоритмдері арқылы қаржы-шаруашылық қызметіне кешенді талдау жүргізе алады.
	ОН7	Машиналық оқыту құралдары мен болжамды аналитиканы енгізу жолымен бизнес-үдерістерді және инновациялық даму стратегияларын жобалай алады.
	ОН10	Мерзімдер мен шығындарды бақылау үшін заманауи жоспарлау әдістемелері мен цифрлық платформалар негізінде жобаларды және логистикалық тізбектерді басқара алады.
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН4	Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін математикалық аппараттың көмегімен ұйым қызметі статистикалық және экономикалық көрсеткіштерін есептей алады.
	ОН5	Белгісіздік жағдайында стратегиялық мақсаттарды іске асыру және тактикалық міндеттерді шешу үшін менеджменттің іргелі функцияларын қолдана алады.
	ОН8	Жүйелі талдау және персонал мен бизнестің мүдделерін біріктіру негізінде ұйымды дамыту стратегиялары мен HR-брендингті әзірлей алады.
	ОН11	Заңнама талаптарын, еңбекті қорғау нормаларын және тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып, шешімдердің тәуекелдері мен әлеуметтік салдарын бағалай алады.
	ОН12	Нарықтық жағдайларды талдау, қаржылық тұрақтылық және бизнес-модельді таңдау негізінде кәсіпкерлік жобаларды іске қосу және дамыту стратегияларын құра алады.

6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

Маңызды құзырет-тіліктер	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН)	Модуль атауы	Модуль ОН	Оқыту нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН$_{ЖББҚ1}$ Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады	Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімнің негізгі заңдылықтарын сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыра отырып, өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін қолданады	Қазақстан тарихы Философия Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) Дене шынықтыру
	ОН$_{ЖББҚ2}$ Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады	Ақпараттық-коммуникациялық модуль	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасауға қабілетті.	Шетел тілі Қазақ (Орыс) тілі
	ОН$_{ЖББҚ3}$ Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді	Ақпараттық-коммуникациялық модуль	Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгерген	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
	ОН2 Әлеуметтік-психологиялық факторларды және ұйымдық мінез-құлық заңдылықтарын талдау негізінде ұйымның корпоративтік мәдениетін модельдей алады.	Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	Көшбасшылық принциптері мен қызметкерлердің мінез-құлқын басқару әдістерін қолдана отырып, корпоративтік мәдениеттің оңтайлы моделін және ұйымның ішкі имиджін қалыптастырады.	Ұйымдастырушылық мінез-құлық
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Имиджеология
		Салалық қызметті басқару		Көшбасшылық
	ОН3 Халықаралық бизнес-ортада шет тілін меңгеру және кросс-мәдени ортадағы кәсіби этика нормалары	Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	Бизнестің мәдениетаралық және сыртқы экономикалық ортасында іскерлік коммуникациялар, PR-науқандар және	Бизнес ағылшын Кәсіби ағылшын тілі

	арқылы тиімді коммуникациялар орната алады.	Салалық қызметті басқару	шет тілінде келіссөздер жүргізеді.	Саяси менеджмент PR менеджмент
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Сыртқы экономикалық қызметті басқару
	ОН9 Цифрлық тайм-менеджмент құралдары мен өкілеттілікті бөлу әдістері арқылы уақыт ресурстарын және персоналдың еңбек режимдерін пайдалануды оңтайландыра алады.	Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	Тапсырмаларды топ ішінде бөледі және көшбасшылық қасиеттерге, делегация принциптеріне және жобаларды басқарудың бағдарламалық құралдарына негізделген жұмыс кестелерін оңтайландырады.	Ұйымдастырушылық мінез-құлық
		Салалық қызметті басқару		Көшбасшылық
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Жобаларды басқару
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОН1 Басқару жүйелерінің операциялық тиімділігін қамтамасыз ету үшін цифрлық платформалар мен өкілеттілікті бөлу қағидалары негізінде бейімделген ұйымдық құрылымдарды құрастыра алады.	Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	IT-менеджмент пен электрондық үкімет платформаларын интеграциялай отырып, басқарудың икемді операциялық құрылымдарын (өндірісте, сервисте және ШОБ-та) жобалайды.	Шағын және орта кәсіпорындар менеджменті
		Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент		Сервистік қызметтер менеджменті Өндірістік менеджмент Сапаны басқару Өндірісті ұйымдастыру және кәсіпорын менеджменті
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Ақпараттық менеджмент IT-менеджмент
		Салалық қызметті басқару		Электрондық үкімет
	ОН6 Деректерді өңдеу үшін заманауи АКТ және жасанды интеллект алгоритмдері арқылы қаржы-шаруашылық қызметіне кешенді талдау жүргізе алады.	Экономикалық білімдер модулі	Ғылыми зерттеулер мен цифрлық экономиканың АКТ әдістерін қолдана отырып, кәсіпорын қызметінің аналитикалық және басқарушылық есебін жүргізеді.	Экономика мен басқарудағы ғылыми зерттеулердің негіздері
		Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент		Шаруашылық қызметті талдау Экономикалық талдау
		Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру		Басқару есебі
		Салалық қызметті басқару		Сандық экономика
	ОН7 Машиналық оқыту құралдары мен болжамды аналитиканы енгізу	Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	Нейрондық желілер мен AI алгоритмдеріне негізделген болжамды	AI-маркетинг Жасанды интеллектке кіріспе (Minor

	жолымен бизнес-үдерістерді және инновациялық даму стратегияларын жобалай алады.		аналитиканы қолдана отырып, компанияның инновациялық және маркетингтік стратегияларын жасайды.	1)
		Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент		Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor 2) Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor 3)
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Инновациялық менеджмент Маркетингтік зерттеулер
	ОН10 Управлять проектами и логистическими цепочками на основе современных методологий планирования и цифровых платформ для контроля сроков и затрат.	Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент	Жобаларды орындау кезеңдерін үйлестіреді және уақыт пен шығындарды бақылаудың автоматтандырылған жүйелері арқылы жеткізу тізбегін оңтайландырады.	Логистика Кәсіпорындағы логистиканы ұйымдастыру
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Жобаларды басқару
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН4 Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін математикалық аппараттың көмегімен ұйым қызметі статистикалық және экономикалық көрсеткіштерін есептей алады.	Экономикалық білімдер модулі	Ұйымның экономикалық тұрақтылығын негіздеу үшін кешенді қаржылық, бухгалтерлік, статистикалық және инвестициялық есептеулерді орындайды.	Макроэкономика Экономикадағы математика Микроэкономика Экономикалық теория Статистика Қаржы
		Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру		Бухгалтерлік есеп
		Салалық қызметті басқару		Сақтандыру менеджменті
		Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент		Инвестициялық қызметті басқару Кәсіпорын экономикасы
	ОН5 Белгісіздік жағдайында стратегиялық мақсаттарды іске асыру және тактикалық міндеттерді шешу үшін менеджменттің іргелі функцияларын қолдана алады.	Экономикалық білімдер модулі	Өзгермелі нарықтық ортада тактикалық және стратегиялық шешімдерді әзірлеу кезінде жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады.	Мамандыққа кіріспе (Менеджмент) Менеджмент
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Басқару шешімдерін әзірлеу
		Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру		Индикативтік жоспарлау Стратегиялық жоспарлау

		Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент		Менеджмент теориясы мен тәжірибесі
	ОН8 Жүйелі талдау және персонал мен бизнестің мүдделерін біріктіру негізінде ұйымды дамыту стратегиялары мен HR-брендингті әзірлей алады.	Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	Бизнестің қажеттіліктері мен кадрлық әлеуетті үйлестіре отырып, компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын және тартымды HR-брендін қалыптастырады.	Бизнесті ұйымдастыру HR-менеджмент
		Салалық қызметті басқару		Фирманы стратегиялық басқару
	ОН11 Заңнама талаптарын, еңбекті қорғау нормаларын және тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып, шешімдердің тәуекелдері мен әлеуметтік салдарын бағалай алады.	Экономикалық білімдер модулі	Қабылданған шешімдердің ҚР заңнамасына, бизнес этикасы, экология және еңбекті қорғау нормаларына сәйкестігіне тәуекелдерге аудит және комплаенс-бақылау жүргізеді.	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі
		Кәсіпорын қызметін жоспарлау және заманауи менеджмент		Тайм менеджмент
		Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру		Бизнес этикасы
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты
		Салалық қызметті басқару		Экономиканы мемлекеттік реттеу Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
		Инновацияларды басқару және шешім қабылдау		Тәуекелділікті басқару
	ОН12 Нарықтық жағдайларды талдау, қаржылық тұрақтылық және бизнес-модельді таңдау негізінде кәсіпкерлік жобаларды іске қосу және дамыту стратегияларын құра алады.	Экономикалық білімдер модулі	Құқықтық негіздерді, қаржылық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ескере отырып, стартап-жобалардың коммерциялық өміршең бизнес-жоспарларын әзірлейді.	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)
		Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру		Бизнесті ұйымдастыру

		Салалық қызметті басқару		Бизнес-жоспарлау
	ОН1 – ОН12	Оқу - өндірістік	Теориялық білімді практикада бекітеді, кәсіби дағдыларды игереді және бітіру біліктілік жұмысын жазу үшін материалдарды жинауды және өңдеуді жүзеге асырады.	Өндірістік практика 1, Өндірістік практика 2, Диплом алдындағы практика/ Өндірістік практика
	ОН1 – ОН12	Қорытынды аттестаттау	Дипломдық жұмысты орындайды және сәтті қорғайды немесе кешенді емтихандар тапсырады	Дипломдық жұмысты жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)														
				ОНЖББК1	ОНЖББК2	ОНЖББК3	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
Жалпы білім беретін пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																		
1	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі қазақстандық даму моделін объективті пайымдау үшін тарихи процестерге аналитикалық, аксиологиялық және сыни талдау жасау дағдыларын қолданады.	5	+														
2	Философия	Пәннің мақсаты - білім алушыларда философияны дүниені танудың ерекше формасы ретінде түсінуді қалыптастыру және олардың болашақ кәсіби қызметі контексінде оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік беру. Пән философияның пайда болуы мен	5	+														

		дамуының негізгі бағыттарын, әлемді философиялық түсінудің негіздерін, адам философиясы мен құндылықтар әлемін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзіндік адамгершілік ұстанымын негіздейді.																		
3	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология)	Пәннің мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән мазмұны әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология мәселелерін қамтиды, сонымен қатар заманауи қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде инклюзия принциптері мен «Адал азамат» құндылықты бағдарларын біріктіреді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік-гуманитарлық білім мен этикалық құндылықтарды түсіндіреді, қоғамды талдаудың ғылыми әдістерін қолданып, қақтығыстарды шеше отырып, Қазақстанды жаңғырту мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде қорғайды.	8	+																
4	Шетел тілі	Пәннің негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби қарым-қатынас орталарын интеграциялау арқылы тілді меңгеру деңгейлерін сатылы түрде зерделеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы негізделген ақпаратты пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады.	10		+														
5	Қазақ (Орыс) тілі	Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-	10		+														

		қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады.																		
6	Ақпараттық коммуникациялық технология	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасайды.	5			+													
7	Дене шынықтыру	Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолданады.	8	+															
8	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және	Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сондай-ақ заң мен тәртіп идеологиясын дәріптеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде	5																+

	сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді.																	
Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																			
9	Мамандыққа кіріспе (Менеджмент)	Пән менеджердің кәсіби қызметі мен басқару ерекшеліктері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастырады. Мазмұны басқарушылық ой-пікірдің эволюциясын, басшының негізгі функцияларын, этикалық стандарттарды және білім беру бағдарламасының құрылымын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қажетті құзыреттерді жүйелі түсіну негізінде өзінің кәсіби даму траекториясын айқындайды.	3								+								
10	Макроэкономика	Пән макроэкономикалық процестер мен заңдылықтар туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны ұлттық өндірісті, инфляцияны, жұмыспен қамтуды, экономикалық циклдерді, экономикалық өсуді, макроэкономикалық тепе-теңдіктің кейнстік және классикалық теорияларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы фискалдық және монетарлық саясаттың макроэкономикалық тепе-теңдікке әсерін талдайды.	5							+									
11	Экономикадағы математика	Пән студенттердің экономика мен бизнестегі басқару мәселелерін шешуде математикалық модельдеу әдістерін талдау, қолдану қабілетін дамытатын аналитикалық геометрия элементтерін, математикалық талдауды, ықтималдық теориясы элементтерін және математикалық статистиканы зерттеуге бағытталған.	4							+									
12	Менеджмент	Пән менеджмент саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны менеджменттің принциптерін, функцияларын, әдістерін, ұйымның сыртқы және ішкі ортасын талдауды, стратегиялық және операциялық	5								+								

		жоспарлауды, мотивацияны, бақылауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметте басқарушылық шешімдерді қабылдай алады.																	
13	Микроэкономика	Пән микроэкономикалық процестер мен нарықтың жұмыс істеу заңдылықтары туралы жүйелі білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны тұтынушылар мен өндірушілердің мінез-құлқы, нарықтық тепе-теңдік, нарықтық құрылымдардың ерекшеліктері, ресурстар нарығы және нарықтың сәтсіздіктері туралы тақырыптарды көрсетеді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы графикалық және экономикалық-математикалық модельдеу арқылы микроэкономикалық ортаны талдайды.	5							+									
14	Экономика мен басқарудағы ғылыми зерттеулердің негіздері	Пән экономика және басқаруда ғылыми-зерттеу әдістері мен құралдарын қолдану бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны ғылыми таным теориясын, деректерді жинау және талдау әдістерін, зерттеу гипотезаларын қалыптастыру, модельдер құру, экономикалық және басқарушылық процестерді бағалау, сондай-ақ ғылыми есептер мен жарияланымдар дайындауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ететін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді.	3								+								
15	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пән экономикалық даму, әлеуметтік әл-ауқат және қоршаған ортаны сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуді зерттейді. Мазмұны экологияны, тіршілік қауіпсіздігін және тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергия мен қалдықтарды басқаруда экологиялық қауіпсіздік принциптерін қолданады.	5															+	
16	Экономикалық теория	Пән қазіргі заманғы экономиканың жұмыс істеу заңдылықтары туралы іргелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономикалық теория әдістерін, нарықтық баға белгілеу тетіктерін, субъектілердің мінез-құлқын және мемлекеттік реттеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы нарықтық процестерді талдау негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдай	4							+									

		алады.																	
17	AI-маркетинг	Пән маркетингтік қызметте жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану дағдыларын қалыптастырады. Мазмұны маркетингтегі AI негіздерін, деректерді талдауды, машиналық үйретуді, дербестендіруді, цифрлық платформаларды, маркетингті автоматтандыруды, клиенттік талдауды, тұтынушылар мінез-құлқын болжауды және AI-маркетинг құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы нарық көрсеткіштерін талдайды және маркетингтік процестерді оңтайландыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолданады.	6										+					
18	Шаруашылық қызметті талдау	Пән кәсіпорынның қаржы-шаруашылық жай-күйін бағалау және диагностикалау бойынша талдау құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны факторлық талдау әдістемесін, өндірістік бағдарламаның орындалуын бағалауды, еңбек және материалдық ресурстардың пайдаланылуын талдауды, қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілігінің диагностикасын, сондай-ақ тиімділікті арттырудың ішкі резервтерін іздеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы ауытқулар мен олардың туындау себептерін анықтау үшін негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштердің динамикасын түсіндіреді (интерпретациялайды).	5									+						
19	Бизнес ағылшын	Пән халықаралық іскерлік ортада тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны бизнес-терминологияның ерекшеліктерін, іскерлік хат алмасу ережелерін, телефон арқылы келіссөздер жүргізу этикасын, таныстырылымдарды дайындауды, сондай-ақ басқару тәжірибесіндегі мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы іскерлік қарым-қатынастың типтік жағдайларында коммуникативтік міндеттерді шешу үшін кәсіби лексика мен грамматикалық құрылымдарды пайдаланады.	5						+									
20	Бухгалтерлік есеп	Пән бухгалтерлік есептің теориялық негіздері және оның	5							+									

		басқару жүйесіндегі рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны есептің тұжырымдамаларын, қағидаларын және әдістерін, бухгалтерлік баланстың құрылымын, операцияларды құжаттау мен тіркеуді, сондай-ақ қаржылық есептілікті жасауды қамтиды. Нәтижесінде білім алушы бухгалтерлік есеп әдістерін қолданады.																	
21	Жасанды интеллектке кіріспе (Minor)	Пән жасанды интеллект, машиналық оқыту және нейрондық желілер негіздерін зерттеуге бағытталған. Мазмұны негізгі оқыту алгоритмдерін, эвристикалық тәсілдерді және ЖИ технологияларын практикада қолдану мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы жүйелердің жұмыс принциптерін түсінеді және оларды инженерлік әрі зерттеу тапсырмаларын шешуде қолдану дағдыларын меңгереді.	5										+						
22	Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor)	Пән техникалық және ақпараттық объектілерді талдау, модельдеу және басқару үшін жасанды интеллект әдістерін қолдану білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқару жүйелеріндегі жасанды интеллект әдістері мен алгоритмдерін, шешім қабылдаудың интеллектуалды әдістерін, деректерді өңдеу мен талдауды, машиналық оқыту мен интеллектуалды жүйелерді қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы объектілерді басқару жүйелерінде жасанды интеллект технологияларын қолданады.	5										+						
23	Логистика	Пән жеткізу тізбектеріндегі материалдық, ақпараттық және қаржылық ағындарды басқару туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны сатып алу, өндірістік, бөлу және көлік логистикасының әдіснамасын, қорларды басқару принциптерін, қойма жүйелерін жобалауды, сондай-ақ жеткізу тізбегіне қатысушыларды интеграциялаудың заманауи тұжырымдамаларын (SCM) қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы жиынтық шығындарды азайту және сервистің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін логистикалық процестердің оңтайлы параметрлерін есептейді.	5													+			
24	Шағын және орта кәсіпорындар	Пән белгісіздік жағдайында шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерін басқарудың ерекшеліктері туралы	5				+												

	менеджменті	арнайы білімді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны кәсіпорындардың жіктелу критерийлерін, шағын бизнестегі ұйымдастырушылық құрылымдардың ерекшеліктерін, бейімделгіш басқару әдістерін, ШОК секторын мемлекеттік қолдау шараларын, сондай-ақ капиталдың шектеулілігі жағдайындағы тәуекелдер мен ресурстарды басқаруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы ішкі және сыртқы ортаны талдау негізінде шағын кәсіпорынның бизнес-процестерінің тиімділігін бағалайды.																		
25	Сервистік қызметтер менеджменті	Пән сервистік қызметті басқару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны сервистік жүйелерді жобалауды, қызмет сапасын бағалау үлгілерін (SERVQUAL, GAP-талдау), клиенттік тәжірибені (CX) басқару құралдарын және қызмет көрсету процестерін цифрландыруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы компанияның операциялық қызметін оңтайландыру және бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін сервистік қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді.	5				+												
26	Ұйымдастырушылық мінез-құлық	Пән басқарушылық ықпалдың тиімділігін арттыру үшін ұйым ішіндегі жеке тұлғалар мен топтардың мінез-құлық заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Мазмұны тұлғаның психологиялық аспектілерін, мотивация теорияларын, топтық процестердің динамикасын, көшбасшылық пен билікті, ұйымдастырушылық мәдениетті, сондай-ақ стресстер мен ұйымдастырушылық өзгерістерді басқару тетіктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климатты оңтайландыру үшін қызметкерлердің мінез-құлық модельдерінің типтерін саралайды.	4					+							+				
27	Бизнесті ұйымдастыру	Пән қазіргі нарықтық ортада кәсіпкерлік құрылымдарды құру және жұмыс істеу бойынша жүйелі білім мен қолданбалы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны бизнес-идеяларды қалыптастыру процесін, кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын таңдауды, мемлекеттік тіркеу рәсімдерін, ресурстық базаны қалыптастыруды, сондай-ақ бизнес-модельдер құру және	5					+											+

		нарықтық мүмкіндіктерді бағалау принциптерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы ресурстық шектеулер мен бәсекелестік ортаны ескере отырып, жаңа кәсіпорын құрудың кешенді бизнес-жоспарын әзірлейді.																	
28	Кәсіпорындағы логистиканы ұйымдастыру	Пән кәсіпкерлік субъектілерінің ішкі логистикалық ортасын жобалау және үйлестіру бойынша қолданбалы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны логистикалық қызметтердің құрылымын, өндірісішілік орын ауыстыруларды ұйымдастыруды, микродеңгейдегі қойма шаруашылығы мен қорларды басқаруды, сондай-ақ тапсырыстарды орындау процесіндегі бөлімшелердің өзара іс-қимылын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы іркілістерді азайту және операциялық шығындарды оңтайландыру үшін кәсіпорынның логистикалық тораптарының өткізу қабілетінің параметрлерін есептейді.	5														+	
29	Өндірісті ұйымдастыру және кәсіпорын менеджменті	Пән бәсекелестік орта жағдайында өндірістік жүйелерді жобалау және жұмыс істеу принциптері туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны өндіріс процесінің кеңістіктік-уақыттық құрылымын, өндірісті ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін, өндірістік бағдарламаны жоспарлауды, материалдық ағындарды басқаруды және өндірістің сапасы мен техникалық дайындығын қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өндірістік цикл параметрлерін және қуаттарды жүктеуді есептейді.	6													+		
30	Кәсіби ағылшын тілі	Пән кәсіби менеджмент саласына тән терминологиялық аппарат пен тілдік нормаларды тереңдетіп оқытуға бағытталған. Мазмұны басқару теориясы бойынша мамандандырылған мәтіндерді талдауды, іскерлік құжаттаманың халықаралық стандарттарын зерделеуді, шет тілінде кеңестер мен пікірталастар өткізу дағдыларын дамытуды, сондай-ақ жаһандық корпорациялар тәжірибесінен кейс-стадилермен жұмыс істеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы көпұлтты ортада басқарушылық міндеттерді шешу үшін түпнұсқа	5						+									

		дереккөздерден кәсіби ақпаратты түсіндіреді.																	
31	Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor)	Пән жасанды нейрондық желілерді әзірлеу мен қолдану дағдыларын қалыптастырады. Мазмұны нейрондық желілердің архитектурасын, оқыту әдістерін, деректерді дайындау мен модельдеу құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы деректерді өңдеу және интеллектуалды жүйелер міндеттерін шешу үшін нейрондық желілерді жобалап, әзірлейді.	5										+						
32	Статистика	Пән статистиканың мәні, принциптері мен әдістері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны деректерді жинау, жүйелеу, өңдеу, талдау және интерпретациялау тәсілдерін, статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерін, кестелер мен диаграммаларды құруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы негізгі көрсеткіштерді есептеу және статистикалық ақпаратты графикалық түрде ұсыну арқылы статистикалық деректерге талдау жасайды.	5							+									
33	Тайм менеджмент	Пән кәсіби және жеке салаларда уақыт ресурстарын басқару бойынша жүйелі білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны мақсат қою әдіснамасын, жоспарлаудың классикалық және заманауи техникаларын (Эйзенхауэр матрицасы, Парето принципі, ABC әдісі), прокрастинациямен күресу құралдарын, өкілеттіктерді беру әдістерін және өзін-өзі басқару принциптерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы жұмыс кестесін оңтайландыру және уақыт шығындарын азайту үшін операциялық міндеттерде басымдықтарды белгілейді.	5															+	
34	Басқару есебі	Пән негізделген бизнес-шешімдерді қабылдау үшін ішкі ақпаратты дайындау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны шығындардың жіктелуі мен сипатын, өзіндік құнды калькуляциялау әдістерін, «шығындар–көлем–пайда» (CVP) талдауын, бюджеттеу жүйесін, сондай-ақ жауапкершілік орталықтары қызметінің тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру	5										+						

		нәтижесінде білім алушы ұйымның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін оңтайландыру үшін релевантты ақпаратты саралайды.																		
35	Қаржы	Пән қаржының мәні, функциялары және экономикадағы қаржылық қатынастар жүйесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржы жүйесінің негізгі буындарын, мемлекеттік қаржыны, ұйымдар қаржысын, салық салуды, бюджет жүйесін, қаржы нарығын, экономиканың әртүрлі деңгейлеріндегі қаржы ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану тетігін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қаржылық көрсеткіштерді талдау арқылы қаржылық ақпаратты интерпретациялайды.	5							+										
36	Кәсіпорын экономикасы	Пән нарықтық экономиканың негізгі буыны ретінде кәсіпорынның жұмыс істеу механизмі туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны ұйым ресурстарының құрамы мен құрылымын, негізгі және айналым капиталын қалыптастыруды, өндірістік шығындар мен өнімнің өзіндік құнын бағалауды, салық салуды, сондай-ақ қаржылық нәтижелер мен инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтау әдістемесін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы ұйымның ресурстық әлеуеті мен табыстылығын бағалау үшін оның қызметінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептейді.	+							+										
37	Экономикалық талдау	Пән ұйым қызметінің экономикалық процестері мен нәтижелерін кешенді зерттеу әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны сандық және сапалық талдау тәсілдерін, қор қайтарымдылығын, еңбек өнімділігін, өнімнің өзіндік құны мен рентабельділігін зерттеу әдістемесін, сондай-ақ белгісіздік жағдайында негізгі қаржылық көрсеткіштерді болжауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы түзету шараларын қабылдау үшін өндірістік факторлар мен бизнестің түпкілікті нәтижелері арасындағы өзара байланысты түсіндіреді (интерпретациялайды).	5									+								

38	Бизнес этикасы	Пән заманауи іскерлік ортада моральдық-этикалық құндылықтар мен жауапкершілік принциптері жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны нормативтік этика теорияларын, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) тұжырымдамасын, ұйымдардың этикалық кодекстерін, басқарудағы моральдық дилеммаларды шешу әдістерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мүдделер қақтығысы жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдаудың этикалық және құқықтық аспектілерін саралайды.	4															+		
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																					
39	Инновациялық менеджмент	Пән студенттерге инновациялық процестерді талдау және оларды корпоративтік ортада тиімді басқару қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны инновациялық менеджменттің негізгі аспектілерін, заманауи технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті, трендтерді талдауды, бизнес-процестерді оңтайландыруды, тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы инновациялық стратегияларды бағалау әдістерін қолданып, инновацияларды тиімді енгізеді.	5										+							
40	Басқару шешімдерін әзірлеу	Пән белгісіздік пен тәуекел жағдайында тиімді шешімдерді дайындау, қабылдау және іске асырудың әдіснамалық базасы мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны басқарушылық шешімдердің типологиясын, ұтымды таңдау процесінің кезеңдерін, көпкритерийлі талдау әдістерін, сарапшылық бағалаулар мен математикалық модельдерді пайдалануды, сондай-ақ нәтижелер үшін бақылау және жауапкершілік механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы ұйымдық ресурстарды басқарудың оңтайлы сценарийін таңдау үшін оқиғалар дамуының баламалы нұсқаларын саралайды.	5										+							
41	HR-менеджмент	Пән ұйымның адам ресурстарын стратегиялық және	5												+						

		операциялық басқару саласында жүйелі білім мен қолданбалы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны кадрлық жоспарлау әдіснамасын, рекрутинг және іріктеу технологияларын, персоналды бағалау мен аттестаттау жүйелерін, материалдық және материалдық емес ынталандыру тетіктерін, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және таланттарды басқару мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кадрлық әлеуетті талдау және бизнестің өзекті қажеттіліктері негізінде персоналды басқару жүйесін оңтайландырады.																		
42	Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты	Пән қаржылық төлем қабілетсіздігінің алдын алу және ұйымның өміршеңдігін қалпына келтіру стратегияларын зерттеуге бағытталған. Мазмұны банкроттық ықтималдығын диагностикалау әдістерін (Альтман, Таффлер модельдері), қаржылық сауықтыру тетіктерін, қарызды қайта құрылымдауды, қысқарту жағдайында персоналды басқаруды және тарату процедураларының құқықтық аспектілерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы компания қызметін тұрақтандыру жөнінде уақтылы шаралар қабылдау үшін дағдарыс құбылыстарының индикаторларын жүйелейді.	5																	+
43	Бизнес-жоспарлау	Пән бизнесті жүргізудің теориялық негіздерін меңгертуге және бизнес-жоспарларды әзірлеу туралы білім қалыптастыруға бағытталады. Пәннің мазмұны бизнес-жоспарлаудың кезеңдерін, бизнес-жобалардың тиімділігін бағалау және талдау әдістерін, сондай-ақ нәтижелерді презентациялау тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнес-жоспарларды бағалау, сараптау және презентациялау дағдыларын қалыптастырады, бұл кәсіпкерлік қызметті тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.	5																	+
44	Экономиканы мемлекеттік реттеу	Пән мемлекеттік экономиканы реттеу саласында тиімді басқару үшін қажетті білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны мемлекеттік шаруашылықты реттеудің	5																+		

		формалары, әдістері мен құралдарын, бюджеттік-салық саясаты механизмдерін, мемлекеттік бағдарламаларды және экономикалық дамуды ынталандыру шараларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мемлекеттік реттеу құралдарын қолдану арқылы экономикалық саясатты талдайды.																		
45	Имиджеология	Пән стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін тұлғаның немесе ұйымның жария бейнесін қалыптастыру және басқару технологияларын зерттеуге бағытталған. Мазмұны қабылдау психологиясын, имидждің құрылымы мен функцияларын, вербалды және вербалды емес коммуникацияларды, этикетті және өзін-өзі таныстыру құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби міндеттерге сәйкес келетін шынайы бейнені жасау үшін визуалды және мінез-құлық сипаттамаларын саралайды.	5					+												
46	Индикативтік жоспарлау	Пән ұсынымдық көрсеткіштер (индикаторлар) жүйесі арқылы экономиканы мемлекеттік және корпоративтік жұмсақ реттеу механизмдерін зерттеуге бағытталған. Мазмұны индикативтік жоспарларды әзірлеу әдіснамасын, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл принциптерін, әлеуметтік-экономикалық процестерді мониторингілеу құралдарын, сондай-ақ нарық субъектілерінің мүдделерін келісу әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы басқарылатын объектінің даму траекториясын түзету үшін макроэкономикалық және салалық көрсеткіштердің	5									+								
47	Ақпараттық менеджмент	Пән ұйымның бизнес-мақсаттарына қол жеткізу үшін ақпараттық ресурстар мен технологияларды басқару стратегияларын зерттеуге бағытталған. Мазмұны ақпараттың өмірлік циклін, корпоративтік ақпараттық жүйелердің (ERP, CRM) архитектурасын, АТ-инфрақұрылымын басқаруды және бизнес-процестердің цифрлық трансформациясын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы басқарушылық шешімдер қабылдау процесін оңтайландыру үшін ақпараттық ағындарды жүйелейді.	5				+													

48	Көшбасшылық	Пән адамдарға тиімді басшылық жасау және өзгерістерді басқару үшін қажетті дербес және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны көшбасшылық теорияларының эволюциясын, басқару стильдерін, эмоционалдық интеллектті, ықпал ету және сендіру стратегияларын, жанжалдарды басқаруды және жоғары өнімді командалар құруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы ізбасарлардың кемелдік деңгейіне және ұйымдық міндеттердің күрделілігіне байланысты көшбасшылық тәсілдерді саралайды.	5					+							+			
49	Маркетингтік зерттеулер	Пән маркетингтік стратегияларды аналитикалық қолдау құралдарын және компанияның нарықтық әлеуетін бағалауды зерттеуге бағытталған. Мазмұны маркетингтік ортаның аудитін, сапалық және сандық әдістер арқылы тұтынушылық инсайттарды анықтауды, нарықты сегменттеуді және брендке адалдықты өлшеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тиімді маркетинг кешенін қалыптастыру үшін маркетингтік деректерді құрылымдайды.	5										+					
50	Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару	Пән жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару қағидалары, тетіктері және ерекшеліктері туралы білім қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жергілікті билік органдарының ұйымдастырылуы, жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттіктері мен функциялары, құқықтық негіздері, халықпен өзара әрекеттесу құралдары, жергілікті басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған негізделген механизмдер әзірлейді.	5														+	
51	Саяси менеджмент	Пән саяси процестерді, сайлау науқандарын және мемлекеттік институттарды басқару технологияларын зерттеуге бағытталған. Мазмұны саяси талдау әдістерін, партиялық құрылыс стратегияларын, электоралдық технологияларды, саяси маркетингті және биліктің азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім	5						+										

		алушы бәсекелес күрес жағдайында саясат субъектілерін тиімді позициялау үшін саяси ықпал ету құралдарын саралайды.																		
52	Өндірістік менеджмент	Пән тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі саласындағы кәсіпорындардың операциялық қызметін ұйымдастыру және басқару бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны өндірістік жүйелерді жобалауды, қуаттардың орналасуын таңдауды, материалдық қажеттіліктерді жоспарлауды (MRP), өндірістік циклді басқаруды және үнемді өндіріс (Lean) принциптерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы еңбекті ұйымдастырудың және жабдықты пайдаланудың оңтайлы моделін таңдау үшін өндірістік процестердің түрлерін саралайды.	5					+													
53	Стратегиялық жоспарлау	Пән серпінді нарықтық ортада ұйым дамуының ұзақ мерзімді векторын анықтау үшін әдіснамалық базаны қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны стратегиялық процестің кезеңдерін, сыртқы және ішкі ортаны талдау құралдарын, миссия мен мақсаттар ағашын әзірлеуді, функционалдық стратегияларды таңдауды, сондай-ақ жоспарларды ресурстық қамтамасыз етуді бағалау әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы белгісіздікті азайту және ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бизнесті дамыту сценарийлерін саралайды.	5									+									
54	Фирманы стратегиялық басқару	Пән жаһандық бәсекелестік жағдайында ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарын әзірлеу және іске асыру бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны стратегиялық талдау әдістерін, миссия мен пайымды қалыптастыруды, дамудың негізгі стратегияларын таңдауды және стратегияны іске асыруды бақылау механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы белгісіз сыртқы ортада бизнестің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін стратегиялық баламаларды саралайды.	5									+				+					
55	Сақтандыру менеджменті	Пән сақтандыру компаниясын басқаруды ұйымдастыру және сақтандыру қызметтері саласындағы менеджменттің	5								+										

		ерекшеліктері туралы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны актуарлық есептеулер әдіснамасын, сақтандыру резервтері мен активтерін басқаруды, андеррайтингті, қайта сақтандыруды, сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын, сондай-ақ сақтандыру нарығындағы маркетинг пен сату стратегияларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін сақтандыру өнімдерінің түрлерін және тәуекелдерді бағалау әдістерін саралайды.																		
56	Менеджмент теориясы мен тәжірибесі	Пән ұйымдарды басқару туралы іргелі білімді қалыптастыруға және басқару функцияларын іске асырудың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Мазмұны басқарушылық ойдың эволюциясын, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивациялау және бақылау принциптерін, шешім қабылдау әдістерін, коммуникация негіздері мен адам ресурстарын басқаруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнестің операциялық және стратегиялық міндеттерін шешу үшін басқарудың классикалық және заманауи тұжырымдамаларын саралайды.	5									+								
57	Сыртқы экономикалық қызметті басқару	Пән ұйымның халықаралық нарықтарға шығу стратегиялары мен механизмдерін зерттеуге бағытталған. Мазмұны сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеуді, кедендік процедураларды, халықаралық келісімшарттарды (Incoterms 2020), валюталық есеп айырысуларды және экспорттық-импорттық операциялардың логистикасын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы халықаралық коммерциялық мәмілелерді іске асыру кезінде тәуекелдерді азайту үшін сыртқы сауда операцияларының нысандарын саралайды.	5						+											
58	Инвестициялық қызметті басқару	Пән ұйымның инвестициялық саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша білім жүйесі мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны нақты және қаржылық инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістерін, инвестициялық портфельді қалыптастыруды, инвестициялық тәуекелдерді талдауды, жобаларды	5				+													

		қаржыландыру көздерін және инвестициялық саланы мемлекеттік реттеу механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы инвестициялық бағдарламалардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін капиталды тарту көздерін саралайды.																		
59	Сапаны басқару	Пән ұйым процестерін басқару арқылы өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің әдіснамалары туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пән мазмұны сапа менеджменті тұжырымдамаларының эволюциясын (TQM, Six Sigma, Lean), ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттарды, бақылау және талдау құралдарын (Исикава диаграммасы, Шухарт карталары, Парето диаграммасы), сондай-ақ сапа менеджменті жүйелерінің аудитін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнес-процестерді үздіксіз жетілдіру механизмдерін енгізу үшін стандарттардың талаптарын түсіндіреді.	5				+												
60	Жобаларды басқару	Пән ресурстық шектеулер жағдайында бірегей міндеттерді тиімді жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жобаның өмірлік циклін, басқару стандарттарын (PMBOK), икемді әдістемелерді (Agile, Scrum) және күнтізбелік жоспарлауды (Гант диаграммасы) қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы берілген мерзімдер мен ресурстар шеңберінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жобалық бастамаларды іске асыру кезеңдерін құрылымдайды.	5													+	+		
61	Тәуекелділікті басқару	Пән ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін қауіптерді анықтау, бағалау және бейтараптандыру әдістемесін зерттеуге бағытталған. Мазмұн тәуекелдерді басқару стандарттарын (ISO 31000, COSO ERM), сапалы және сандық талдау әдістерін (SWOT, сценарийлер, Монте-Карло модельдеу), тәуекел карталарын әзірлеуді және жауап беру стратегияларын таңдауды (болдырмау, беру, азайту, қабылдау) қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы бизнес-процестердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ішкі және сыртқы белгісіздік факторларын жүйелейді.	5															+	

62	Сандық экономика	Пән қоғамның цифрлануы туралы білім қалыптастыруға және цифрлық процестерді басқару үшін қажетті құзыреттерді дамытуға бағытталған. Пән мазмұны цифрлық қоғамның теориялық концепцияларын, цифрлық трансформацияның негізгі аспектілерін, мемлекеттік реттеуді, ақпараттық қоғамның жаһандану салдарын, цифрлық жобаларды басқару әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы цифрлық технологияларды тиімді қолдана отырып, басқаруда жүйелік тәсілді қолданады.	5										+							
63	Электрондық үкімет	Пән электрондық үкіметтің жұмыс қағидалары мен оның мемлекеттік саясат жүйесіндегі маңыздылығы туралы білім қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны Қазақстан Республикасындағы электрондық үкіметтің негізгі ұғымдары мен нормативтік-құқықтық базасын, электрондық үкімет қосымшаларындағы идентификациялық құралдарды, мемлекеттік қызмет көрсету порталдарын, электрондық үкіметпен жұмыс істеу механизмдері мен технологияларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мемлекеттік процестердің тиімділігін арттыру және азаматтармен өзара әрекетті оңтайландыру үшін электрондық үкімет механизмдері мен технологияларын қолданады.	5				+													
64	IT-менеджмент	Пән заманауи компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ақпараттық технологияларды стратегиялық басқару әдістерін зерттеуге бағытталған. Мазмұны АТ-қызметтерін басқару стандарттарын (ITIL), АТ-жобалар портфелін басқаруды, аутсорсингті, АТ-инвестицияларының тиімділігін бағалауды және икемді әдістемелерді (Agile, Scrum) қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы технологиялық ресурстарды жалпы бизнес-стратегияға интеграциялау үшін оларды құрылымдайды.	5				+													
65	PR менеджмент	Пән қоғамдық пікірді басқару технологияларын және ұйым мен оның нысаналы аудиторияларының арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастарды құруды зерттеуге бағытталған. Мазмұны коммуникациялық науқандарды жоспарлауды,	5						+											

		БАҚ-пен жұмысты (Media Relations), дағдарысқа қарсы PR-ды, арнайы іс-шараларды ұйымдастыруды, сондай-ақ жұртшылықпен байланыстың тиімділігін бағалау әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы негізгі хабарламаларды тарату және репутациялық тәуекелдерді азайту үшін коммуникация арналарын жіктейді (классификациялайды) саяси ықпал ету құралдарын саралайды.																	

8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру

Оқыту нәтижелерінің саны (ОН)	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Бағалау технологиялары (құралдары)	Оқыту және сабақ беру әдістері
ОН1	IT-менеджмент пен электрондық үкімет платформаларын интеграциялай отырып, басқарудың икемді операциялық құрылымдарын (өндірісте, сервисте және ШОБ-та) жобалайды.	Құрылымның ат жобасын қорғау Кейс-стади (E-gov талдауы) Схеманы сараптамалық бағалау	Проблемалық әдіс Жобалау (project-based) АТ модельдеу
ОН2	Көшбасшылық принциптері мен қызметкерлердің мінез-құлқын басқару әдістерін қолдана отырып, корпоративтік мәдениеттің оңтайлы моделін және ұйымның ішкі имиджін қалыптастырады.	Психологиялық тестілеу Рөлдік ойын (жанжалды шешу) Эссе / кейсті талдау	Тренингтер мен воркшоптар Рөлдік модельдеу Пікірталастар, пікірталастар
ОН3	Бизнестің мәдениетаралық және сыртқы экономикалық ортасында іскерлік коммуникациялар, PR-науқандар және шет тілінде келіссөздер жүргізеді.	Қоғамдық презентация (Pitch) Келіссөздерді модельдеу Тілдік тест	Тілдік ортаға ену Ойын модельдеу СЭҚ кейстері
ОН4	Ұйымның экономикалық тұрақтылығын негіздеу үшін кешенді қаржылық, бухгалтерлік, статистикалық және инвестициялық есептеулерді орындайды.	Есептік жұмыс Компьютерлік тестілеу Қаржылық есепті қорғау. Модельдер	Практикалық жаттығулар Қаржылық есеп бойынша жұмыс. БҚ (Excel/1C) Дәріс-визуализация
ОН5	Өзгермелі нарықтық ортада тактикалық және стратегиялық шешімдерді әзірлеу кезінде жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады.	Стратегиялық матрица (SWOT/PEST) Бизнес-кейсті қорғау	"Миға шабуыл"әдісі Іскерлік ойындар (тренажерлер)
ОН6	Ғылыми зерттеулер мен цифрлық экономиканың АКТ әдістерін қолдана отырып, кәсіпорын қызметінің	БҚ-дағы зертханалық жұмыс (Бағдарламалық қамтамасыз	Зерттеуге негізделген оқыту әдісі (RBL)

	аналитикалық және басқарушылық есебін жүргізеді.	етудегі зертханалық жұмыс) Талдамалық есеп / R-код Шағын зерттеуді қорғау	АЖ-дағы өтпелі кейстермен жұмыс (Ақпараттық жүйелердегі өтпелі кейстермен жұмыс)
ОН7	Нейрондық желілер мен AI алгоритмдеріне негізделген болжамды аналитиканы қолдана отырып, компанияның инновациялық және маркетингтік стратегияларын жасайды.	Маркетингтік жоспарды қорғау ЖИ-моделінің жұмысын көрсету (Жасанды интеллект моделінің жұмысын көрсету) или ЖИ-моделінің жұмысын демонстрациялау	Зертханалық хакатон ЖИ-сервистерімен жұмыс (Промпт-дизайн)
ОН8	Бизнестің қажеттіліктері мен кадрлық әлеуетті үйлестіре отырып, компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын және тартымды HR-брендін қалыптастырады.	HR-стратегияны сараптау (сараптамасы) Брендті талдау (Case-study)	HR-сарапшылармен кездесулер Топтық жобалау
ОН9	Тапсырмаларды топ ішінде бөледі және көшбасшылық қасиеттерге, делегация принциптеріне және жобаларды басқарудың бағдарламалық құралдарына негізделген жұмыс кестелерін оңтайландырады.	БҚ-дағы Scrum/Kanban тақтасын бағалау (Бағдарламалық қамтамасыз етудегі Scrum/Kanban тақтасын бағалау) Өзара бағалау (Peer-review)	Командалық жұмыс (TBL) или Топтық оқыту әдісі (TBL) БҚ-дағы практика (Trello, Jira, Asana) (Бағдарламалық қамтамасыз етудегі практика)
ОН10	Жобаларды орындау кезеңдерін үйлестіреді және уақыт пен шығындарды бақылаудың автоматтандырылған жүйелері арқылы жеткізу тізбегін оңтайландырады.	Гант диаграммасын/тізбегін қорғау Жобаның компьютерлік чек-апы (тексерісі)	Кейс-әдіс (Supply Chain / Жеткізу тізбегі) Проджект-жүйелерде модельдеу (немесе Жобалық жүйелерде модельдеу)
ОН11	Қабылданған шешімдердің ҚР заңнамасына, бизнес этикасы, экология және еңбекті қорғау нормаларына сәйкестігіне тәуекелдерге аудит және комплаенс-бақылау жүргізеді.	Аудит есебінің чек-парағы Құқықтық тестілеу (ҚР Заңдары)	Нормативтік құқықтық актілерді талдау Сот/әдеп кейстерін талдау (немесе Сот/этикалық кейстерін талдау)
ОН12	Құқықтық негіздерді, қаржылық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ескере отырып, стартап-жобалардың коммерциялық өміршең бизнес-жоспарларын әзірлейді.	Демо-күн (Стартапты қорғау) Бизнес-жоспардың сараптамалық аудиті	Lean Startup әдісі (немесе Үнемді стартап әдісі) Интерактивті дәріс-консультациялар
$ОН_{ЖББК1}$	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімнің негізгі заңдылықтарын сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыра отырып, өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін қолданады	Рефлексивтік эссе Тестілеу (тарих/философия) Дебаттар (немесе Пікірсайыс)	Сыни көзқараспен ойлау әдісі Сократтық диалог Проблемалық дәрістер

ОН ЖББҚ2	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасауға қабілетті.	Ауызша сынақ / Интервью (Сұхбат) Кәсіби полилог	Коммуникативтік әдіс (немесе Қарым-қатынас әдісі) Тандемдік оқыту Тілдік тренингтер
ОН ЖББҚ3	Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгерген	Цифрлық портфолио Өтпелі компьютерлік тест	Бұлттық АЖ-дағы практикалық жұмыс (Бұлттық ақпараттық жүйелердегі практикалық жұмыс) Микрооқыту (Microlearning)

9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру (бар болған жағдайда)

Қолданылған кәсіби стандарттардың атауы	ҰБШ-ның 6 және/немесе 7 деңгейіндегі кәсіптер	Еңбек функциялары	Тапсырмалар	БББ бойынша оқыту нәтижелері
«Еңбек қатынастарын басқару» 05.12.2014 ж. №449	Еңбек қатынастары жөніндегі маман	Еңбек функциясы 2: Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету	Дағды 1: Әлеуметтік-еңбек қатынастарының жай-күйіне мониторинг жүргізу	ОН2 Әлеуметтік-психологиялық факторларды және ұйымдық мінез-құлық заңдылықтарын талдау негізінде ұйымның корпоративтік мәдениетін модельдей алады. ОН3 Халықаралық бизнес-ортада шет тілін меңгеру және кросс-мәдени ортадағы кәсіби этика нормалары арқылы тиімді коммуникациялар орната алады. ОН11 Заңнама талаптарын, еңбекті қорғау нормаларын және тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып, шешімдердің тәуекелдері мен әлеуметтік салдарын бағалай алады.
			Дағды 2: Еңбек дауларын, HR-тәуекелдерді реттеу, ескерту және алдын алу. HR тәуекелдерінің алдын алу және азайту	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:		Жауапкершілік; Бизнесті түсіну; ЫнтымақтастықЖәне өзара іс-қимыл; Стратегиялық ойлау; Клиентке бағдарлау; Көшбасшылық		
«Ұйымдық дамыту және ұйымның еңбек ресурстарын жоспарлау»,	Еңбек ресурстары жөніндегі маман	Еңбек функциясы 1 Мақсатты ұйымдық құрылымды енгізу	Дағды 1: Еңбекті ұйымдастыруды талдау және ұйымдық құрылымды құру/өзгерту жобасына қатысу	ОН1 Басқару жүйелерінің операциялық тиімділігін қамтамасыз ету үшін цифрлық платформалар мен өкілеттілікті бөлу қағидалары негізінде бейімделген ұйымдық құрылымдарды құрастыра алады. ОН 10 Мерзімдер мен шығындарды бақылау үшін заманауи

05.12.2024 ж. №449			Дағды 2: Ұйымдық құрылым элементтері арасындағы өзара әрекеттесуді қалыптастыру	жоспарлау әдістемелері мен цифрлық платформалар негізінде жобаларды және логистикалық тізбектерді басқара алады.
		Еңбек функциясы 2 Ұйымның адам ресурстарына деген қажеттілігін анықтау	Дағды 1: Ұйымның адам ресурстарымен ағымдағы қамтамасыз етілуін талдау	ОН4 Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін математикалық аппараттың көмегімен ұйым қызметі статистикалық және экономикалық көрсеткіштерін есептей алады.
			Дағды 2: Ұйымның адам ресурстарына деген қажеттілігін анықтау	ОН 8 Жүйелі талдау және персонал мен бизнестің мүдделерін біріктіру негізінде ұйымды дамыту стратегиялары мен HR-брендингті әзірлей алады. ОН 10 Мерзімдер мен шығындарды бақылау үшін заманауи жоспарлау әдістемелері мен цифрлық платформалар негізінде жобаларды және логистикалық тізбектерді басқара алады.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бизнесті түсіну; Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл; Аналитикалық ойлау; Клиентке бағдарлау; Нәтижеге бағдарлану			

10 Түлектер моделі

<table>
<tr><td rowspan="4">Кәсіби стандарттар:
05.12.2024 ж. бекітілген № 449 «Еңбек қатынастарын басқару», 05.12.2024 ж. бекітілген № 449 «Ұйымдық дамыту және ұйымның еңбек ресурстарын жоспарлау», «Кәсіпорынды басқару тиімділігі жөніндегі менеджер», «Менеджер / интернет-маркетолог» кәсіптері мен құзыреттерінің салалық атласы мен өңірлік атласы</td><td colspan="3">ТҮЛЕК МОДЕЛІ</td></tr>
<tr><td colspan="3">Құзыреттіліктер (soft skills, digital skills)</td></tr>
<tr><td>Түлек атрибуттары</td><td>Білім</td><td>Іскерліктер</td></tr>
<tr><td>Нарықтың белгісіздік жағдайында негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті.
Тиімді коммуникация орнату, шиеленістерді (конфликтілерді) шешу және әртүрлі тілдерде келіссөздер жүргізу білігі.
Операциялық қызметке және HR-процестерге IT-шешімдерді енгізуге дайындық.
Әдеп (этика) нормаларын, ҚР еңбек заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қатаң сақтау.</td><td>ҚР Еңбек кодексі, еңбекті қорғау, экология және комплаенс-бақылау бойынша нормативтік актілер.
Ұйымдық жобалау: Өндірістегі, сервистегі және ШОБ-тағы (шағын және орта бизнестегі) икемді басқару құрылымдарын құру принциптері.
HR-менеджмент: Корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың, мотивацияның және HR-брендті дамытудың заманауи тұжырымдамалары.
Экономика және қаржы: Қаржылық, бухгалтерлік, статистикалық және инвестициялық талдау әдістері.</td><td>Ішкі нормативтік құжаттарды, лауазымдық нұсқаулықтарды және еңбек шарттарын жасау (әзірлеу).
Компанияның кадрлық және операциялық тәуекелдеріне комплаенс-бақылау мен аудит жүргізу.
Ұйымдық даму және штат санын оңтайландыру стратегияларын әзірлеу.
Стартап-жобаларды және коммерциялық тұрғыдан өміршең даму стратегияларын модельдеу.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кәсіби дағдылар (hard skills)</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кадр ресурстарын есептеу және жоспарлау: Жұмыс кестелерін оңтайландыру, жұмыс уақытының балансы мен компанияның кадрлық әлеуетін есептеу.
Өтпелі басқарушылық есеп: Цифрлық экономиканың АКТ-ны қолдана отырып, ұйымның экономикалық тұрақтылығына кешенді есептеулер жүргізу.
Еңбек қатынастарын әкімшілендіру: ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрлық іс қағаздарын толық жүргізу.
Жеткізу тізбегін оңтайландыру: Мерзімдер мен шығындарды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін (Гант диаграммалары, желілік графиктер) пайдалана отырып, бизнес-жобалардың кезеңдерін үйлестіру.</td></tr>
</table>

ТИПТІКОҚУ ЖОСПАРЫ / ТИПИЧНЫЙ УЧЕБНЫЙ ПЛАН /TYPICAL CURRICULUM

6B04105 - Менеджмент 6B04105 - Менеджмент 6B04105 -Management

Модульдің № / № модуля / Module №	Пәндердің № / № дисциплины / Discipline №	ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ АТАУЫ НАИМЕНОВАНИЕ УЧЕБНЫХ ДИСЦИПЛИН NAME OF TEACHING DISCIPLINES	Оқу пәндерінің циклы (міндетті компонент / таңдау компоненті) Цикл учебных дисциплин (обязательный компонент / компонент по выбору) Educational disciplines cycle (compulsory component / component of choice)	Оқу пәндерінің коды Код учебной дисциплины Educational discipline code	Семестр / semester	Кредиттер саны Количество кредитов Number of credits	Курстық жұмыс (жоба) Курсовая работа (проект) Course work (project)	Білім алушылардың жұмыс уақытының бюджеті сағатпен Бюджет рабочего времени (час) Budget of working time (hours)							Кафедра атауы / Наименование кафедры / Name of the department	Семестр бойынша бөлу Распределение по семестрам Distribution of semesters						Пән бойынша қорытынды бағалау (емтихан, дифференциалды сынақ, мемлекеттік емтихан, жоба және т.б.) / Форма итогового контроля по дисциплине (экзамен, дифференцированный зачет, государственный экзамен, проект и др.) / Final assessment form for the discipline (exam, differentiated credit, state exam, project, etc.)	Пән бойынша қорытынды бағалаудың формасы (ауызша, жазбаша, тестілік, шығармашылық және т.б.) / Форма проведения итогового контроля по дисциплине (устно, письменно, тест, творческий и т. д.) / The format of the final assessment for the discipline (orally, in writing, test, creative, etc.)
								Барлық сағат / Всего часов / Total hours	Аудиториялық жұмыс / Аудиторная работа / Class work				ОБӨЖ / СРОП / IWST	БАӨЖ / СРО / TWS		1 КУРС / YEAR		2 КУРС / YEAR		3 КУРС / YEAR			
									Барлық аудит. сағат Всего аудит. часов Total classroom hours	оның ішінде / в том числе / including						1 Академиялық кезең / Academic period	2 Академиялық кезең / Academic period	3 Академиялық кезең / Academic period	4 Академиялық кезең / Academic period	5 Академиялық кезең / Academic period	6 Академиялық кезең / Academic period		
										Д / ЛК / Lec	СПС / СПЗ / SPL	ЛС / ЛЗ / LC				Семестрдағы апталар саны / Недель в семестре / Weeks in a semester		Семестрдағы апталар саны / Недель в семестре / Weeks in a semester		Семестрдағы апталар саны / Недель в семестре / Weeks in a semester			
																15	15	15	15	15	15		
																аптасына аудиториялық сағат / аудиторных часов в неделю / classroom hours per week		аптасына аудиториялық сағат / аудиторных часов в неделю / classroom		аптасына аудиториялық сағат / аудиторных часов в неделю / classroom hours per week			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
				/ /																			
	1	Шетел тілі Иностранный язык Foreign Language	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IYa 1104-26 (1) IYa 1104-26 (1) IYa 1104-26 (1)	1	5		150	45		45		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs	0 + 3 + 0						Емтихан Экзамен Examination	Аралас Комбинированный Combined
	2	Қазақ (Орыс) тілі Казахский (Русский) язык Kazakh (Russian) Language	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	K(R)Ya 1105-26 (1) K(R)Ya 1105-26 (1)	1	5		150	45		45		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs	0 + 3 + 0						Емтихан Экзамен Examination	Аралас Комбинированный Combined
	3	Дене шынықтыру Физическая культура Physical Culture	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	PhK 1107-26 (1) PhK 1107-26 (1) PhK 1107-26 (1)	1	2		60	30		30		30		Дене шынықтыру Физическое воспитание physical education	0 + 2 + 0						Емтихан Экзамен Examination	Басқа Другое More
	4	Қазақстан тарихы История Казахстана History of Kazakhstan	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IK 1101-26 IK 1101-26 IK 1101-26	1	5		150	45	30	15		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs	2 + 1 + 0						Мемлекеттік экзамен Государственная аттестация Qualification examination	Басқа Другое More
	5	Шетел тілі Иностранный язык Foreign Language	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IYa 1104-26 (2) IYa 1104-26 (2) IYa 1104-26 (2)	2	5		150	45		45		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs		0 + 3 + 0					Емтихан Экзамен Examination	Аралас Комбинированный Combined
	6	Қазақ (Орыс) тілі Казахский (Русский) язык Kazakh (Russian) Language	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	K(R)Ya 1105-26 (2) K(R)Ya 1105-26 (2)	2	5		150	45		45		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs		0 + 3 + 0					Емтихан Экзамен Examination	Аралас Комбинированный Combined
	7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар Информационно-коммуникационные технологии Information and Communication Technologies	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IKT 1106-26 IKT 1106-26 IKT 1106-26	2	5		150	45	15		30	15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs		1 + 0 + 2					Емтихан Экзамен Examination	Компьютерлік тестілеу Компьютерное тестирование Computer testing
